

24 06 20 ж.

№

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 11

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
тұрақты комиссияларының бірлескен отырысының
ҚАУЛЫСЫ**

**Тұрақты комиссиялардың
2020 жылғы 24 маусымдағы
қаулысы**

**Нұр-Сұлтан қаласы шет аймақтарының
жағдайы мен даму перспективалары туралы**

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялары жергілікті атқарушы орган өкілдерінің «Нұр-Сұлтан қаласы шет аймақтарының жағдайы мен даму перспективалары туралы» мәселесі бойынша баяндамаларын тыңдал және талқылағаннан кейін жергілікті атқарушы орган қаланың шет аймақтарын дамыту үшін біршама жұмыстар жүргізіп жатқандығын атап өтті.

Елордада 16 тұрғын алабы бар, онда 280 мыңдан астам адам тұрады, бұл жалпы халық санының төрттен бір бөлігін құрайды. Шет аймақтарға сапарлар және әр тұрғын үйдің тұрғындарымен кездесулердің нәтижелері бойынша басымдықты проблемаларды шешу бойынша іс-шаралар жоспары дайындалды әрі ол 3 негізгі блокқа бөлінген: жол және инженерлік инфрақұрылым, әлеуметтік нысандардың ташылығы және абаттандыру мәселелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 590 «Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Астана қаласының жинақы құрылышы жөніндегі 2019 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1052 қаулысында Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын алаптарын дамыту бөлімі бар.

2011 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 20 тұрғын алаптарында жұмыстар жүргізілді, 101 км жолдар мен 275,25 км. байланыс желілері салынды.

Күйгенжар, Қазақауыл, Пригородный, Казқалашық, Караөткел, Заречный және Промышленный тұрғын алаптарында дайындалған жобалар бойынша жұмыстар толығымен аяқталды. 2020 жылы орташа жөндеу аясында 9 тұрғын алаптарында (Өндіріс, Кирпичный, Агрокалашық, Көктал-1, Промышленный, «Оңтүстік-Шығыс» (он жағы) Ақбұлақ (Энергетиков),

Пригородный, Заречный) жұмыстар жүргізу жоспарланған. Жөндеу жүргізілетін тұрғын алаптарындағы көшелердің жалпы саны – 100 қошесе, оның ішінде: ұзындығы 9,64 км болатын 9 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар жалпы ұзындығы 30,21 км болатын 91 көшеге асфальтбетон жабындысын төсеу жұмыстары жүргізіледі.

Шет аймақтарды дамытудың бюджеттік бағдарламасы аясында 2,87 миллиард теңге көлемінде бекітілген қаржыландыру аясында қаланың 8 тұрғын алабында (Комсомольский, Интернациональный, Оңтүстік-Шығыс, Достық, Көктал-2, Железнодорожный) және Интернациональный, Мичурин тұрғын алаптарында сумен жабдықтау желілері мен кәріздендіру жұмыстарын жүргізу де жоспарланған.

Ұзындығы 50,7 км болатын 124 көшениң жөндеу (жалпы ұзындығы 4,53 км болатын 16 көшеде жұмыстар жүргізілуде, жалпы ұзындығы 2,37 км 7 көше құрылышы аяқталды), сумен жабдықтау мен су бұру және ұзындығы 588,9 км. нөсер жауын кәрізі құрылғысының, 3 тазарту құрылғысының құрылышы (құрылышы басталды), 177 км құрайды кабель желілері, 1 қосалқы станция, 82 аялдаманың құрылышы жоспарланған.

Әлеуметтік және әкімшілік объектілер үшін 25 млрд теңге көзделген. 3 мектеп, 3 спорт ғимараты, 5 алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету пункті, 4 дene шынықтыру кешені (Көктал мен Өндіріс тұрғын алаптарында екеуінің құрылышы басталды), 2 өрт сөндіру депосын салу жоспарлануда. Сондай-ақ, 11 гүлзар салу, қатты қалдықтарға арналған 3 мың контейнер сатып алу және 170 контейнер алаңын жабдықтау, 16 ауланы абаттандыру (4 ауланы абаттандыру басталды), 246 саяжай үйлерін, 34 гараждарды алып қою және сүріп тастау жоспарланған.

2020 жылға бюджетте 18,4 млрд.тәнге қарастырылған, оны «Көктал-1» тұрғын алабындағы жалпы сомасы 4,1 млрд 3 жобаны іске асыруға бөлу жоспарланған. Бұл Тілендиев даңғылы бойындағы тұрғын үй кешендерін орталықтандырылған жылумен жабдықтауға қосу үшін жылу магистралінің құрылышы – 1,1 млрд. тәнге (құрылыш жұмыстары жалғасуда, биылғы жылы аяқтау жоспарлануда), Есіл өзенінің арнасын қалпына келтіру, 6 кезек – 2,4 млрд. тәнге (қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде), № 40 орта мектепке жапсарлас құрылыш – 0,6 млрд.тәнге (аяқталуы ағымдағы жылға жоспарланған).

«Железнодорожный» тұрғын алабында ПМ-нің оқу ғимараты қаланың коммуналдық меншігіне қайтарылады, онда №50 балабақшаның екінші ғимараты жоспарланған. Екінші ғимараттың енгізілуі мектепке дейінгі білім беру үйімдарында орын жетіспеушілігі мәселесін шешуге үлкен септігін тигізеді. Медициналық қызметтерді қалалық емханалардың 5 филиалы көрсетеді. «Железнодорожный» тұрғын алабында тұрғындарының өтініші бойынша емхананың аумағы жеке тұлғалар жалдаған үй-жайлар есебінен кеңейтілді.

Халықты әлеуметтік қолдау шараларымен қатар жол және инженерлік инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Оңтүстік-

Шығыс шағын ауданындағы 7 көшеге топырақты төгу жұмыстары жүргізілді, 25 көшеге жөндеу жұмыстары басталды, жалпы ұзындығы 500 метр болатын 3 көшеде арықтардың құрылышы басталды, 4 жылы аялдама павильоны салынды, тағы 4 павильон салу жоспарлануда.

Көшелерді жарықтандыру бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда, бұл тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Серікбаев көшесінің бойындағы авариялық ғимарат сүрілді. Железнодорожный және Промышленный тұрғын алаптарында газдандыру басталды.

Сонымен бірге, Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында атқарушы органның елорданың шет аймақтарын дамыту бойынша қабылдаған шараларына қарамастан, шұғыл шешуді қажет ететін мәселелер де бар екендігі атап өтілді.

Тұрақты негізде салынған желілер мен жолдарды қаланың коммуналдық меншігіне уақытында тапсыруда қыындықтар туындаиды. 2011 жылдан бастап «Жаңа жол» көшесінде автомобиль жолдарын салу мәселесі шешілген жоқ. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын аудандарын газдандыру бойынша халық арасында түсіндіру жұмыстары дұрыс жүргізілмеуде.

Тұрғындар тұрғын алаптарын жақсарту жұмыстарына көнілдері толмауда, кейбір тұрғын алаптарда ойын аландарының, саябактардың, тротуарлардың жоқтығына шағымдар бар. Қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты кейбір тұрғын алаптарда желілер мен жолдардың, орталық сумен жабдықтау және көріз жүйелерінің құрылышы өлі аяқталған жоқ.

Мичурино тұрғын алабында жаңа мектеп баяу қарқынмен салынуда, оның пайдалануға берілуі жақын орналасқан елді мекендердегі мектеп окушыларына тиісті жағдай жасау мәселесін шешеді.

Нұр-Сұлтан қаласы аудандары әкімдерінің жұмысын бағалау тетігі толық жетілдірілмеген, олардың жұмысының тиімділігінің нақты көрсеткіштері жоқ.

Пригородный тұрғын алабындағы саяжай кентін бұзудың проблемалық мәселелері шешілген жоқ. Көптеген мәселелер жүйелі түрде шешілмейді, оларды шешудің нақты кешенді жоспары жоқ.

Қаланың шет аймақтарындағы проблемалар қатарында бұзылған және ескірген ғимараттардың бар болуы проблема болып табылады, онда үйлердің тозуының жоғары деңгейіне байланысты адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнеді. Тазарту қондырғыларының болмауына байланысты «Өндіріс» тұрғын алабында коллекторлардың құрылышын аяқтау мүмкін емес. Көптеген тұрғын үйлерде көшелерді жарықтандыру проблемалары бар.

Тұрғын үй ғимараттарының аулаларында жалға беру кірістерін алу үшін рұқсат етілмеген жатақханалардың салынуы тұрғындарды алаңдатады.

Елорданың тұрғын алаптарында денсаулық сақтау мен білім берудің әлеуметтік нысандары артық жүктеме режимінде жұмыс істейді, бұл мәселені шешу үшін жаңа ғимараттар салу мүмкіндігінше тезірек жүргізу қажет.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 26 сәуірдегі елорданың шет аймақтарын дамыту туралы көпшілік тыңдауларының ұсынымдары толық көлемде орындалмады.

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысына қатысушилардың талқылау нәтижелері бойынша мынадай **ҰСЫНЫМДАРЫ** бар:

1. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

- бюджеттік қаражаттың уақтылы бөлінуін қамтамасыз ете отырып, № 12 орта мектепті күрделі жөндеуден өткізу үшін қажетті шараларды қабылдау;

- Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 26 сәуірдегі көпшілік тыңдауларының ұсынымдарын сапалы және уақтылы орындау бойынша жұмысты жандандыру;

- әлеуметтік нысандардың шамадан тыс жүктемесі жүйелі мәселелерін шешу үшін елорданың тұрғын алаптарында жаңа мектеп ғимараттары мен емханалар салу мүмкіндігін қарастыру;

- 2020 жылдың аяғына дейін «Көктал-1», «Көктал-2», «Агрокалашық» тұрғын алаптарындағы негізгі газдандыруды аяқтау және жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы тұрғындар арасында ақпараттандыруды күшету;

- а.ж. 1 қыркүйегіне дейін «Пригородный» тұрғын алабында саяжай қалашығын сұру мәселесін шешу үшін ұсыныс пен егжей-тегжейлі талдау жасау;

- «Чубары» тұрғын алабындағы жолдарды жөндеуді арнайы бақылауға алу және аяқтау;

- «Үркөр» тұрғын алабындағы кәріз жолдарының опырылып тусуі проблемалық мәселелерін сапалы пысықтау;

- «Жаңа жол» көшесінде автомобиль жолының құрылышын аяқтау;

- Нұр-Сұлтан қаласы аудандары әкімдерінің жұмысына бағалау жүйесі мен тиімділік көрсеткіштерін енгізу мәселесін пысықтау;

- Рыскұлбеков 16/1 даңғылында балалар алаңын салу мүмкіндігін қарастыру;

- Пушкин көшесінде, яғни «Шығыс» базарының маңында бағдаршам орнату мәселесін шешу;

- көшелерді жарықтандыру бойынша жүйелі мәселелерді шешу;

- жер участкерінде балалар ойын аландарын орнатуға бөлінген жерлердің мақсатты пайдаланылуына және жеке тұрғын үй құрылышына арналған жерлерде ғимараттардың заңсыз салынбауын бақылау үшін тұрақты мониторинг жүргізу;

- қала шетінде орналасқан апatty үйлерден тұрғындарды көшіру мәселелерін қарастыру;

- балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруды күшету;


- елорданың шет аймақтарында жылды аялдамалар орнату;

- 5 шілдеге дейін Ботаникалық бақта орналасқан қоғамдық дәретханалардың мәселелерін сапалы пысықтау;

- 30 шілдеге дейін 2020-2021 жылдарға жөндөлеттің көшелердің тізімін (жұмыс түрлері бөлінісінде), елордадағы жолдарды жөндеу және күтіп-ұстай өлшемшарттарын ұсыну;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы.

**Құрылыш, экология, көлік,
сауда және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссияның төрағасы**




S. Жунусов

**Әлеуметтік-мәдени дамыту
мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссияның төрағасы**



M. Шайдаров

**Зандаулық, құқық тәртібі
және қоғаммен жұмыс жасау
мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссияның төрағасы**



K. Таукен

**Экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссияның төрағасы**



M. Шекенов